

Бурабай ауданында үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 маусымдағы № А-6/328 қаулысы. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 шілдеде № 1-19-233 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № а-9/537 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 25.08.2014 № а-9/537 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 11 бабының 2 тармағының 3 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген, «Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Бурабай ауданында үйде тәрбиеленетін және оқитын әрбір мүгедек балаға 6 айлық есептік көрсеткішке тең мөлшерде тоқсан сайын әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Күшін жоғалтқан деп танылсын:

1) «Щучье ауданында үйде оқытылып, тәрбиеленетін мүгедек балаларға материалдық қамтамасыз етуді көрсету туралы» аудан әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № а-1/32 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1-19-123 нөмірмен тіркелген, аудандық «Луч» газетінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы 9 нөмірінде, аудандық «Бурабай» газетінің 2008 жылғы 28 ақпандағы 11 нөмірінде жарияланған).

2) «Щучье ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № а-1/32 «Щучье ауданында үйде оқытылып, тәрбиеленетін мүгедек балаларға материалдық қамтамасыз етуді көрсету туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» аудан әкімдігінің 2011 жылғы 25 қарашадағы № а-11/478 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1-19-213 нөмірмен тіркелген,

аудандық «Луч» газетінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы 6 нөмірінде, аудандық «Бурабай» газетінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы 55 нөмірінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
М.Б.Нұрпанаоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай ауданының әкімі

Ә.Ғазиз